

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА
PUBLISHED SINCE 1944

2

АЛМАТЫ
АЛМАТЫ
ALMATY

2017

НАУРЫЗ
МАРТ
MARCH

Б а с р е д а к т о р ы

х. ғ. д., проф., ҚР ҰҒА академигі

М. Ж. Жұрынов

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

Абиев Р.Ш. проф. (Ресей)
Абишев М.Е. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Аппель Юрген проф. (Германия)
Баймуқанов Д.А. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Байпақов К.М. проф., академик (Қазақстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Қазақстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Қазақстан)
Велихов Е.П. проф., РҒА академигі (Ресей)
Гашимзаде Ф. проф., академик (Әзірбайжан)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Давлетов А.Е. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Джрбашян Р.Т. проф., академик (Армения)
Қалимолдаев М.Н. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан), бас ред. орынбасары
Лаверов Н.П. проф., академик РАН (Россия)
Лупашку Ф. проф., корр.-мүшесі (Молдова)
Мохд Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Мырхалықов Ж.У. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Полещук О.Х. проф. (Ресей)
Поняев А.И. проф. (Ресей)
Сагиян А.С. проф., академик (Армения)
Сатубалдин С.С. проф., академик (Қазақстан)
Таткеева Г.Г. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Умбетаев И. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Якубова М.М. проф., академик (Тәжікстан)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы»РҚБ (Алматы қ.)

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде
01.06.2006 ж. берілген №5551-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,
www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2017

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Г л а в н ы й р е д а к т о р
д. х. н., проф. академик НАН РК
М. Ж. Журинов

Р е д а к ц и о н н а я к о л л е г и я:

Абиев Р.Ш. проф. (Россия)
Абишев М.Е. проф., член-корр. (Казахстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Апель Юрген проф. (Германия)
Баймуканов Д.А. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Байпаков К.М. проф., академик (Казахстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Казахстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Казахстан)
Велихов Е.П. проф., академик РАН (Россия)
Гашимзаде Ф. проф., академик (Азербайджан)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Давлетов А.Е. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Джрбашян Р.Т. проф., академик (Армения)
Калимолдаев М.Н. проф., чл.-корр. (Казахстан), зам. гл. ред.
Лаверов Н.П. проф., академик РАН (Россия)
Лупашку Ф. проф., чл.-корр. (Молдова)
Мохд Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Мырхалыков Ж.У. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Полещук О.Х. проф. (Россия)
Поняев А.И. проф. (Россия)
Сагьян А.С. проф., академик (Армения)
Сатубалдин С.С. проф., академик (Казахстан)
Таткеева Г.Г. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Умбетаев И. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Якубова М.М. проф., академик (Таджикистан)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2017

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

E d i t o r i n c h i e f

doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK

M. Zh. Zhurinov

E d i t o r i a l b o a r d:

Abiyev R.Sh. prof. (Russia)
Abishev M.Ye. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Avramov K.V. prof. (Ukraine)
Appel Jurgen, prof. (Germany)
Baimukanov D.A. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Baipakov K.M. prof., academician (Kazakhstan)
Baitullin I.O. prof., academician (Kazakhstan)
Joseph Banas, prof. (Poland)
Bersimbayev R.I. prof., academician (Kazakhstan)
Velikhov Ye.P. prof., academician of RAS (Russia)
Gashimzade F. prof., academician (Azerbaijan)
Goncharuk V.V. prof., academician (Ukraine)
Davletov A.Ye. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Dzhrbashian R.T. prof., academician (Armenia)
Kalimoldayev M.N. prof., corr. member. (Kazakhstan), deputy editor in chief
Laverov N.P. prof., academician of RAS (Russia)
Lupashku F. prof., corr. member. (Moldova)
Mohd Hassan Selamat, prof. (Malaysia)
Myrkhalykov Zh.U. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Nowak Isabella, prof. (Poland)
Ogar N.P. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Poleshchuk O.Kh. prof. (Russia)
Ponyaev A.I. prof. (Russia)
Sagiyani A.S. prof., academician (Armenia)
Satubaldin S.S. prof., academician (Kazakhstan)
Tatkeyeva G.G. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Umbetayev I. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Khripunov G.S. prof. (Ukraine)
Yakubova M.M. prof., academician (Tadjikistan)

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2017

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

Sh. Adilbayeva

PhD, Egyptian University of Islamic Culture of Nour Mubarak, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: shamshat.nmu@mail.ru

THE SPREAD OF HANAFIC LAW

Abstract. Hanafi mazhab is one of the most popular mazhabs in the Muslim world. The Kazakh people were taught Islam and adopted Islam on the basis of Hanafi mazhab. One of the reasons for the wide spread of the mazhab was the presence of the religious council for sentencing. The disciples of Abu Hanifa spread the developed legal principles engaging in propaganda of knowledge of Islamic law school of Imam Abu Hanifa and they opened the way for the recognition of the mazhab. As a result, the books written by them helped to spread Hanafi mazhab. Therefore, the majority of the population was ready to adopt the decisions reached in accordance with the Hanafi law. Thus, the number of followers of the mazhab increased. This article discusses the main causes of the spread of Hanafi mazhab.

Keywords: mazhab, Hanafic mazhab, Hanafic law, ictihad, law court.

ӨОЖ 233.5

Ш. Әділбаева

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

ХАНАФИ ФИҚҰНЫҢ ТАРАЛУЫ

Аннотация. Ханафи мәзһабы мұсылман әлеміне кеңінен таралған мәзһаптардың бірі. Тіпті, қазақ халқы да ислам дінін ханафи мәзһабы негізінде үйреніп, қабылдаған. Мәзһаптың әлемге кең тарауының бірден-бір себебі онда діни үкім шығару кеңесінің болуы еді. Осы кеңесте білімін шыңдаған Әбу Ханифа шәкірттері жан-жаққа тарап, ұстаздық және қазылық (сот) қызметтерін атқарған. Бұл да мәзһаптың жақсы танылуына жол ашты. Сондай-ақ мәзһаб ғұламаларының жазған кітаптары да кеңінен тарады. Соның нәтижесінде халықтың көпшілігі мәзһаб құқығы бойынша шығарылған үкімдерді ұстанды. Осылайша мәзһапты ұстанушылардың қатары көбейе берді. Мақалада ханафи мәзһабының таралуының негізгі себептері қарастырылады.

Түйін сөздер: мәзһаб, ханафи мәзһабы, ханафи фиқһы, ижтихад, қазылық.

Ирактың Куфа қаласынан бастау алған ханафи мәзһабының фиқһтық көзқарастарының мұсылман әлеміне кең таралуының өзіндік себептері мен тарихи кезеңдері бар. Мәзһаптың кең таралуына әсер еткен себептерді қоғамдық, діни және әлеуметтік деп бөліп қарастыруға да болады.

Сол себептердің ең маңыздысы ханафи мәзһабындағы үкім шығару алқасының, яғни ижтихад (шариғи дәлелдерден діни үкім шығару) шурасының болуы еді. Бұл мәзһаптағы ижтихад шурасы бейне-бір фиқһ академиясы іспеттес болатын. Аталмыш шұра өздерінен бұрынғы сахаба және табиғиндардан келіп жеткен Құран мен хадис мұрасын, олардың көзқарастары мен ижтихадтарын терең зерттеп, бойларына сіңіре отырып, өмірдің барлық салаларын қамтитындай етіп кең көлемде дамытып отырды. Осылайша, фиқһты жеке адамның қажеттіліктерін өтейтін, қоғам мен басқару тәсілін оңтайландырған біртұтас әрі бай жүйе ретінде қалыптастырды.

Табиғиндар кезеңінде мұсылман елдерінің территориясының кеңейіп, жаңа мәдениеттермен араласуы нәтижесінде ижтихадтың маңызы арта түсті. Оны белгілі бір жүйеге түсіріп, реттеу қажеттілігі туындады. Себебі дін бойынша әркімнің өз көзқарасына сүйеніп үкім шығаруы, түсіндіруі нәтижесінде Құран мен хадисті негізге алған діни мұра жойылып, үмбеттің бөлшектену қаупі де

туындаған болатын. Әсіресе, басқа мәдениеттердің ықпалы күштірек сезілген Ирак аймағында осындай қауіптің белең алуы табиғи құбылыс еді. Міне, осы кезеңде Әбу Ханифа мен шәкірттерінің аят-хадиске сүйенген дәстүрлі діни түсінікті көңілге қонымды етіп түсіндіруі, насс (аят-хадис) пен ақылдың арасында тепе-теңдік орната отырып фикһ әдіснамасын дамытуы нәтижесінде жүйесіз ойлауға негізделген түсінік тізгінделді. Осындай ерекшелігінің арқасында көпшілік ғалымдар фикһтың осы бағытта дамығанын құп көрді.

Ислам дінінің алғашқы кезеңдерінде әр аймаққа мүжтәхид (шариғи дәлелдерден діни үкім шығара алатын ғалым) деңгейіндегі қазылар (сот, жоғарғы сот) жіберіліп, олар сол аймақтың діни мәселелерін шешіп отырды. Алайда уақыт өте келе шекараның ұлғаюына байланысты барлық жерге мұндай мүжтәхид-имам жіберу мүмкіншілігі азайды. Қоғамдағы бірлік пен тұтастықтың сақталуы үшін ел билеушілеріне бұның бір амалын ойластыруы қажет еді. Аббаси билеушісі Харун әр-Рашидтің кезеңінен бастап, мемлекет осы бағытта тиісті шараларды қарастыра бастады. Осылайша Әбу Ханифа мен шәкірттері дамытқан ирак фикһының кең қанат жаюына маңызды бір мүмкіндік туды. Осы кезеңде көп жерлерге ханафи мәзһабының ғалымдары қазы ретінде тағайындалды. Осы тұста имам Әбу Ханифаның шәкірттерінің қажырлы еңбектері мен атқарған қызметтерінің де рөлі ерекше еді. Имам Әбу Ханифа өзінің ерекше дәріс беру жүйесі арқылы көзі тірісінің өзінде қырыққа жуық мүжтәхид ғалым әрі төрт мыңға жуық шәкірт тәрбиелегендігі тарихи кітаптарда айтылған. Имам Ағзам мен оның Әбу Юсуф, Имам Мұхаммед, Зуфар, Хасан ибн Зияд секілді мүжтәхид шәкірттерінің жетілдірген түлектерінің Хорезм, Батыс Түркістан, Хорасан мен Мәуараннахр секілді жаңадан мұсылман болған аймақтарда белсенді қызмет атқаруы да ханафи фикһының ел арасында тарауына үлкен ықпалын тигізді. Мысалы мұсылман ғалымы Бәззәзи «Мәнәкибу Әби Ханифа» атты еңбегінде Әбу Ханифаның 800-ге жуық шәкіртінің аты-жөнін және қай жерден екендіктерін де атап өткен [1; 491-518 б.].

Оның шәкірттерінің көпшілігі Ирактың Куфа, Басра, Бағдат секілді орталықтарынан, қалған көпшілігінің Ахуаз, Исфахан, Хамадан, Мәру, Бұқара, Самарқанд, Балх, Хорезм секілді Ирактың шығысындағы қалалардан екендігі байқалады. Сонымен қатар, аз да болса Мысыр, Сирия, Мекке, Мәдина, Йемен, Бахрейн, Мусул секілді қаладан келгендері де бар еді. Осы шәкірттері өз елдерінде дәріс алқасын құрып, шәкірт тәрбиелеген немесе қазы қызметіне тағайындалу арқылы ханафи фикһын сол аймақтарға жайған. Мысалы, Абдулазиз ибн Халид – Термезде, Мұхаммед ибн Халид әл-Ханзалидың – Әстарабатта, Хұсайн ибн Хафс әл-Хамаданидың – Исфаханда, Исмаил ибн Әлиаса әл-Киндидің – Мысырда, Абдуллаһ ибн Фәррухтың – Мысыр мен Солтүстік Африкада ұстаздарының көзқарасы мен Ирак фикһын насихаттап, кең таратқандықтары тарих кітаптарында айтылған [2; 3-б.].

Аббастықтар әулетінің халифасы Харун әр-Рәшидтің Әбу Юсуфты қадилул-қудат (қазылардың қазысы, жоғарғы сот) міндетіне тағайындауы және барлық қазыларды тағайындау ісін соған тапсыруы да ханафи мәзһабының кең қанат жаюына өз әсерін тигізді. Бұл тағайындау әрі бір жағынан халифаттықта сот істерінде жүйе мен біркелкіліктің болуы, ел аумағында құқықтық тұрақтылықтың қалыптасуы жолында жасалған маңызды қадам болды. Сондай-ақ мұсылман билігінің қол астына жаңадан өткен елдерде ханафи мәзһабының танылуы мен таралуына елеулі ықпал етті.

Ресми тағайындаулармен қатар, басқа аймақтарға жіберілген қазының білімділігі мен біліктілігінің де ханафи фикһының таралуы жолында ерекше рөл ойнағаны анық. Баста Әбу Юсуфпен қатар Әбу Ханифаның шәкірттерінің көпшілігі қазылық міндетін атқарған. Олардың көпшілігі фикһты ижтихад жасайтындай дәрежеде игеруіне байланысты Ирак, Иран, Хорасан, Батыс Түркістан аймақтарында Ирак (ханафи) фикһы аясындағы құқықтық дәстүрдің қалыптасуына, халықтың сүйіспеншілігіне бөленуіне үлес қосты. Ханафи ғалымдарының белсенді түрде қызмет етуінің арқасында мемлекеттің қолдауы азайған кезде де ханафи мәзһабының ықпалы жалғаса берді. Ал ғалымдар әлсіз болған аймақтарда мәзһаб кең тарай алмады [3; 402-408 б.].

Ханафиликтің таралуының тағы бір негізгі себептерінің бірі – ханафи фикһ кітаптарының Әбу Ханифа мен шәкірттерінің кезінде жазыла бастауында. Ханафи мәзһабында қалыптасқан дәстүр бойынша фикһтық мәселелер әуелі қырық кісілік арнайы алқада әбден талқыланып, ой сүзгісінен өткеннен кейін Зуфар ибн Хузәйл, Әбу Юсуф, Дәуіт ат-Таий, Әсәд ибн Амр әл-Бәжәли, Юсуф ибн Халид әс-Сәмти, Әбу Мутғи әл-Балхи, Нұх ибн Әбу Мәриям, Мұхаммед ибн Уәхб, Аия ибн Язид секілді фақиһтар оларды жинап, жүйелеп хатқа түсірген [4; 107-б.]. Бұлардың арасында Әсәд ибн

Амр әл-Бәжәли, Нұх ибн Әбу Мәриям, Әбу Юсуф пен қатар Имам Ағзамның дәріс алқасына отыз жыл қатысқан Яхия ибн Зәкәрияның ханафи фикһының жазылып, жинақталуында белсенді түрде атсалысқандықтары айтылады [5; 3-б.].

Әбу Юсуфтың біздің заманымызға дейін келіп жеткен төрт шығармасы, Имам Мұхаммедтің «Захирур-риуая» кітаптары тобының арасындағы алты кітабы мен «Надирур-риуая» кітаптары сол кездегі Ирак фикһын танытатын негізгі әрі сенімді қайнаркөз кітаптар болып табылады.

Әбу Ханифаның алғашқы шәкірттерінің шәкірттері саналған Исмаил ибн Хаммад, Әбу Сүлеймен әл-Жузжани (Журжәни), Әбул Хафс әл-Кәбир, Бишр ибн Ғияс, әл-Мәрисси, Иса ибн Әбан, Ибн Сәмаа, Бишр ибн Уәлид әл-Кинди, Яхия ибн Әксам, Хиләлуррай секілді ғалымдар да фикһтың әртүрлі салаларында еңбек жазу арқылы ханафи фикһының кең тарап, күшеюіне маңызды үлес қосқан.

Сонымен қатар, ханафи фикһының жинастырылып-жазылуына халифа Мәмун кезеңінде қағаздың ойлап табылып, кең қолданыла бастауының да өзіндік ықпалы болды.

Алғашқы бір-екі ғасырдағы ханафи фикһының жинастырылып-жазылуы мәзһабтың құрылуы мен танылуына жол ашса, кейінгі кезеңдерде һижра жыл санауы бойынша IV, біздің жыл санауымыз бойынша X ғасырдан басталған кітаптарды жинастырып жазу ісі мәзһабтың қалыптасуы мен дәстүрлі түсінігінің орнығуына жағдай жасады.

Жалпылай алғанда, ханафи мәзһабы Ирак пен оның шығысындағы аймақтарда, мәлики мәзһабы Хижазда, шафиғилік Мысырда, ханбәли мәзһабы бертін келе Бағдат пен Хижазда таралған. Әртүрлі тарихи кезеңдерде Андалуссиядан бастап, Үндістанға дейінгі аймақтарда әрбір мәзһаб кейде жақсы дамыса, кейде олардың ықпалы бәсеңдеген. Осыған орай, қалалар мен аймақтарға әртүрлі мәзһабты ұстанушы қазылар тағайындалған. Мысалы, Мәдинаға алғашында шафиғи мәзһабы қазылары жіберілсе, кейіндері мәлики мен ханафи қазылары тағайындалған. Тарихшы Мақдисидің мәліметі бойынша һижра жыл санауы бойынша III (миләди IX) және IV (миләди X) ғасырда Нишапур, Шаш, Тус, Нәсә, Бұхара, Исфәрәйн секілді кейбір қалаларда шафиғилардың көбеюі салдарынан, ол жерлерге шафиғи қазылардың тағайындалғандығы, кей жағдайларда ханафи әрі шафиғи екі қазының бір уақытта қызмет атқарғандықтары да айтылады.

Аббасидтер әулеті кезеңінде Мысыр елінде ханафилер болғанымен, ол жерде шафиғи және мәлики мәзһабының ықпалы күшті еді. Өйткені, имам Шафиғидің өзі Мысыр елінде болатын. Сонымен қатар, имам Мәліктің Ибн Уәһб және Ибн Хакам секілді шәкірттері де Мысырда болғандықтан, осы екі мәзһаб кең тарады.

Фатимидтер әулеті Мысырды басып алғаннан кейін ресми мәзһаб ретінде шииттердің исмаилия мәзһабын жариялады. Бірақ, бұл шара төрт мәзһабты жоя алмады. Халық ғибадаттарын өз мәзһабтарына қарай орындауын жалғастыра берді. Осы Фатимидтер кезеңінде ханафи мәзһабы қатты қысым көрді. Өйткені, Фатимидтер Аббасидтерге қас болатын. Ал ханафи мәзһабы Аббасидтердің ресми мәзһабы еді.

Мысырда Әйюбидтер мемлекеті құрылғаннан кейін Сирия мен Мысырда шафиғилер мен ханбәлилдердің ықпалы қайтадан күшейді. Осы екі мәзһабтың ғалымдарына арнайы медреселер салынды. Өйткені, Салахаддин Әйюби өзі шафиғи мәзһабын ұстанатын. Бірақ, Сирияда Нуреддин Шәһид Зәңги (XII ғасыр) билік басына келгенде бұл жағдай өзгерді. Өйткені, ол ханафилікті ұстанатын. Осылайша, ханафи мәзһабы Сирияда кең тарап, артынан Мысыр еліне де бірте-бірте жайыла бастады. Осы кезден бастап ханафи мәзһабы Аббасидтер кезеңіндегі секілді тек қана үкіметтік ресми мақамдарда қалмай, халық арасында кең тарады [6; 15-б.].

Халық арасында ханафилер көбейгеннен кейін Салахаддин Әйюби Каир қаласында ханафиларға арнап «Суюфия» медресесін салғызды. Мұның нәтижесінде ханафи мәзһабы ел арасында кеңінен жайылды.

Мәмлуктар кезеңінде әуелі Каир қаласында 659 жылы (1261) шафиғи ғалымдарынан Тәжуддин Абдулуһһаб ибн Бинтил-иаз қадилу-қудат ретінде тағайындалды. Бірақ, бұл жердегі халықтың арасында түрлі мәзһаб өкілдері өмір сүргендіктен, халықтың арасында наразылық туып, басқа үш мәзһабтан қазылар тағайындалды. Тарихшы Мақризидің мәліметі бойынша атамыз Сұлтан Бейбарыстың Мысыр елінде шафиғи, мәлики, ханафи және ханбәли мәзһабтарынан төрт қазы тағайындауынан кейін (1266 ж.) мұсылман елдерінде осы төрт мәзһаб бойынша білім беріліп, сот істері жүргізілген. Яғни, оның айтуы бойынша осы кезден бастап, Ислам әлемінде төрт мәзһаб

бойынша амал ету мәселесінде үмбет арасында ижма (бір ауыздан келісім) болған. Алайда, оныншы ғасырда өмір сүрген Мақдиси шығармасында өз кезеңінде Ислам әлемінде фикһ саласында ханафи, мәлики, шафиғи мен дәуиди (захирилер) секілді төрт мәзһабтың болғанын айтқан. Сунниттер арасында захирилердің шафиғи мәзһабының бауырында бірте-бірте еріп жойылуы мен ханбәли мәзһабының шығуынан кейін XI ғасырда осы төрт сунни мәзһаб қалыптасқан. Ал Аббаси халифаларынан Насыр Лидиниллахтың қазы тағайындаған кезде төрт мәзһабпен шектелуі осы төрт мәзһаб бойынша амал етудің жоғарыда аталған кезеңнен (1266 ж.) бұрын басталғанын көрсетеді.

Фикһ мәзһабтарының дамуы мен таралуы қарсаңында ханафи мәзһабы ең аз таралған аймақ Солтүстік Африка мен Андалусия болды.

Мысыр Османлы мемлекетінің билігіне өткеннен кейін, қазылық ханафи мәзһабы бойынша жүргізілді. Ғылым үйренушілердің арасында ханафи фикһын оқып-үйренуге деген қызығушылық артты. Нәтижесінде, ханафиликтің беделі күшейіп, Аббасидтер кезеңіндегі секілді ресми мәзһабқа айналды.

Мехмет Али паша (1849 қ.) Мысырды өзіне қаратқан кезде жалғыз ханафи мәзһабын ресми етіп жариялаған. Бұл 20-ғасырдың басына дейін жалғасты. Ханафи мәзһабы Мысырдан әрі қарай батысқа (Мағрибке) тарала қоймады. Тек қана Әсад ибн әл-Фурат (қ. 213 h) кезеңінде мағриб еліне өткенімен, ұзаққа созылмаған. Өйткені, ол жерде мәлики мәзһабын ұстанған Ағлабилер әулетінің беделі күшті еді. Міне, сондықтан Мағриб пен Андалусида жалғыз мәлики мәзһабы кең тараған.

Сирия мен оның аймағында да ханафи мәзһабының таралғанын көреміз. Сирия мен Мысырдағы кейбір басшылар ханафи мәзһабының беделін азайтқысы келгенімен, халық арасында кең жайылғандықтан, мақсаттарына жете алмады [3; 406-б.].

Ханафи мәзһабыны кең таралуында Сәлжұқтар мен Осман мемлекетінің рөлі ерекше. Сәлжұқ билеушісі Тұғрыл бей Нишапур, Исфахан, Хамадан секілді ханафилік аз таралған жерлерге ханафилерден қазылар мен имамдар тағайындауының нәтижесінде ханафилік күшейді.

Османлы мемлекеті кезеңінде 16-ғасырдан кейін құқықтық мәселелердің ханафи мәзһабы бойынша жүргізілетіндігі ресми түрде жарияланған. Анадолы мен Румелиде ықпалы артса, Мекке, Мәдина, Халеп, Қудыс, Каир секілді елді-мекендерде халықтың көпшілігінің басқа мәзһабты ұстануына байланысты бас қазының көмекшілері өзге мәзһабтан тағайындалып, мәселелерді өз мәзһабтарына қарай шешуіне жағдай жасалған.

Негізінде, мемлекеттердің ресми мәзһаб ұстанымдары құқықтық бірлік пен тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған шара еді әрі өзіндік пайдасын да тигізді. Бұл өз кезегінде мәзһабтардың бір елде тарауының сырт көзбен қарағандағы негізгі себептері секілді көрінгенімен, сол аймақтардың ерекшеліктеріне сай келгенін де есепке алған жөн. Мәселен, қоғамда қалыптасқан әдет-ғұрыптардың белгілі бір мәзһабты қабылдауда жағымды немесе жағымсыз рөл ойнағандығы белгілі. Мұсылман арабтардың қол астына өткен парсылар өздерінің қарсылықтарын ақида және фикһ алаңында имафия, жағфария, зәйдия түрінде білдірсе, Солтүстік Африкалықтар Хижаз фикһын өз орталарына сай келгендіктен жылдам қабылдаған болатын. Мәуараннахр, Хорасан, Үндістан, Батыс Түркістан және Ислам мемлекетінің қол астына өткен араб емес өзге ұлттардың ханафи мәзһабының өздерінің әдет-ғұрыптары мен қоғамдық өмірлеріне сай келгендіктен қабылдағандықтары да әбден мүмкін. Ханафи мәзһабының шариятқа қайшы келмеген жағдайда, жергілікті әдет-ғұрыпты дәлел ретінде санауының бұған тигізген ықпалы мол. Өз кезегінде ханафи мәзһабы өмір салты, мәдени-саяси жағдайы хижаз аймағынан мүлде бөлек аймақта туып, кең етек жайған-ды. Шарияттың кең өлшемдерін бір ғана аймақтың ерекшелігімен шектемей, хадистердің сыртқы мағынасына ғана қарамай, мәселелерді кең түрде талқылап, негізгі мақсатты басты назарға алуының өзге ұлт өкілдерінің де Исламды қабылдауын жеңілдеткені анық.

Орталығы Куфада болған Ирак фикһының таралуында Әбу Ханифаның тұлғалық қасиетінің де рөлі ерекше. Сондықтан, бұл мәзһаб ханафи мәзһабы деп аталды. Терең ілімі, зеректігімен ерекшеленген және діннің шынайы рухын жақсы меңгерген Әбу Ханифаның мәзһабы арабтардың тысындағы түркі және парсы халықтарының арасында кең жайылды.

Ақылға негіздеп қисынмен ойлау әрі Исламның негізіне сай жеңілдік дәстүрін ұстануы бұл мәзһабтың кең тарауына жол ашқан себептердің бірі.

Осы ұзын-сонар тарихи кезеңдердің нәтижесінде, ханафи мәзһабы Түркия, Балқан елдері, Босния-Герцоговия, Украина, Қырым, Әзірбайжан, Кавказ, Орал, Сібір және Орталық Азия, Қытай,

Манчжурия, Жапония, Ауғаньстан, Хорасан, Тайланд, Үндістан, Пәкістан секілді елдерде кең тарады. Йемен, Хижаз, Мысыр, Палестина, Алжир мен Туниста ханафилар аз, ал Эфиопия, Сирия мен Иракта айтарлықтай күшке ие.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Бәззәзи, Мәнәқибү Әби Ханифа. Бейрут, 1981.
- [2] Өзел А., Ханефи ғықых алимлери. Анкара: Түркия Диянет Вакфы баспасы, 2006.
- [3] М. Әбу Захра, Әбу Ханифа, хаятуһу уә асруһу, арауһу уә фикһуһу, Дарул-фикрил-араби. – Каир, 1997.
- [4] Әс-Сәймиәри Әбу Абдуллаһ Хусәйн б. Али, Ахбару Әби Ханифа уә асхабиһи. – Бейрут, 1985.
- [5] А. Бардакоглы, Ханефи мезхеби, Ислам Ансиклопедиси, ТДУ, 16-т. Стамбул, 2006.
- [6] А. Тәймур Паша. Назар тарихия фи худусил-мәзәхибил арбаа. Каир, 1351.

REFERENCES

- [1] Bəzzəzi, Mənəqibu Əbi Hanifa. Bejrut, 1981.
- [2] Özel A., Hanefi fıkıh alimleri. Ankara: Türkiye Dijanet Vakfy baspasy, 2006.
- [3] M. Əbu Zahra, Əbu Hanifa, həyatuhu uə asruhu, arauhu uə fıkhuhu, Darul-fikril-arabi. Kair, 1997.
- [4] əs-Səjmiaeri Əbu Abdullah Husəjn b. Ali, Ahbaru Əbi Hanifa uə ashabihı. Bejrut, 1985.
- [5] A. Bardakogly, Hanefi mezhebi, Islam Ansiklopedisi, TDU, 16-t. Stambul, 2006.
- [6] A. Təjmur Pasha, Nazar tarihija fi hudusil-məzəhibil arbaa. Kair, 1351.

Ш. Әділбаева

PhD доктор, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

РАСПРОСТРАНЕНИЕ ХАНАФИТСКОГО ПРАВА

Аннотация. Ханафитский мазхаб – один из самых распространенных мазхабов в мусульманском мире. Казахский народ обучался религии Ислам и принял его именно по основам ханафитского мазхаба. Одной из причин широкого распространения этого мазхаба было наличие религиозного совета по вынесению судебного решения, приговора. Ученики Абу Ханифы распространили разработанные этим советом правовые принципы, занимаясь пропагандой знаний мусульманского права школы Имама Абу Ханифы и открыли дорогу для признания данного мазхаба. Впоследствии книги, написанные ими, послужили распространению этого мазхаба. В результате, большинство населения стало придерживаться решений, вынесенных в согласии с ханафитским правом. Таким образом, количество последователей мазхаба увеличивалось. В статье рассматриваются основные причины распространения ханафитского мазхаба.

Ключевые слова: мазхаб, ханафитский мазхаб, ханафитское право, иджитihad, суд.

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www:nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, Т. М. Апендиев*
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 13.04.2017.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.

19,2 п.л. Тираж 2000. Заказ 2.